

Бекітемін:   
«Ертөстік» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі Ж.А.Жұбаназарова  
« 4 » Қыркүйек 2023ж

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»  
Әкелер клубының жұмыс жоспары  
2023-2024 оқу жылы

р/с	Іс шара мазмұны	Аяқтау нысаны	Мерзімі	Жауапты адам
1	Әкелер клубының бұйрығы мен жұмыс жоспарын бекіту	Бұйрық Жоспар	Қыркүйек	Менгеруші Ж.А.Жұбаназарова Әдіскер А.Ш.Сакенова
2	Әкелер клубының жиналысын өткізу, төраға сайлау.	Хаттама	Қыркүйек	Менгеруші Ж.А.Жұбаназарова Әдіскер А.Ш.Сакенова
3	«Ер баланы тәрбиелеудегі – әкенің ролі» (пікір талас)	Анықтама	Қазан	Әдіскер А.Ш.Сакенова Тәрбиешілер
ж4	«Баланың құқығын қорғау туралы» ҚР заңының орындалуы	Анықтама	Қараша	Психолог А.Ж.Назарова
5	«Әкешім – бәйтерегім!» тәрбие сағаты «Қарлығаш» ересек тобымен	Анықтама	Желтоқсан	Тәрбиеші Б.А.Манасбаева
6	Ұлттық ойындар. «Гүлдер», «Көгершін» ересек топтары (асық ату, ләңгі тебу, қол күрес)	Анықтама	Қаңтар	Тәрбиешілер А.М.Абнагиева М.Ж.Бисенбаева
7	«Шебер әке, өнерлі бала» әкелермен балаладың қолдан жасалған бұйымдары.	Анықтама	Ақпан	Ересек топ тәрбиешілері
8	«Менің әкеммен өткізген қызықты сәттерім!» (видеороликтер)	Анықтама	Наурыз	Тәрбиешілер
9	«Өнегелі әке» атты спорттық сайыс	Анықтама	Сәуір	Дене шынықтыру нұсқаушысы Д.Ж.Аманқосова
10	«7 мамыр Отан қорғаушылар күніне» мерекелік іс шараларда «Әкелер бізде қонақта»	Анықтама	Мамыр	Тәрбиешілер

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»

Кеңес

Тақырыбы: «Баланың құқығын қорғау туралы заң»

Дайындаған: психолог Назарова А  
2024 жыл қараша

Осы Заң балаларды қорғаудағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтарымен мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Баланың құқықтары баланың заңды құқықтары.

Әрбір баланың отбасында тұрып, тәрбиеленуге құқығы бар. Отбасылық тәрбие кәметтік жасқа толмаған баланы тәрбиелеудің ең тәуір түрі, сондықтан да оған басымырақ маңыз беріледі. Баланың өзі ата-анасының отбасында және өзге де туысқандарымен тұруына, олармен қарым-қатынас жасауға қақысы бар. Неке бұзылған кезде бала көбінесе ананың жанында қалып, сонымен бірге тұрады, ал әкесімен, әдетте демалыс күндері жолығып тұрады. Ата аналарының ажырасуы бұдан кейін бөлек тұра бастаған әкесі мен баласының арасындағы қатынастарды тоқтатуға әсер етпеуі тиіс. Бірақ сот практикасында баланың әкесімен кездесіп тұруына ананың рұқсат бермейтіндігінен, не әкесінің баласын және оны тәрбиелеуге міндетті екенін ұмытып кететінін сансыз мысалдарын кездестіруге болады. Заң ажырасқан ата-аналарға, екі жақта тең тәрбиелеуді міндеттейді. Егер олардың біреуі өз міндеттерін орындамаса, сот оны орындауға мәжбүрлеуге құқылы.

Баланың өз ата-анасының тәрбиесінде болуға, мүдделері мен жан-жақты дамуының қамтамасыз етілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне қақысы бар. Бала өз мүддесіне қатысты кез-келген отбасылық мәселелерді шешкенде өз ой пікірін еркін білдіруге құқылы. Бала 10 жасқа толған соң, оның пікірімен де санасады. Мысалы, тегі мен атын өзгерткенде, бала асырап алғанда немесе оның қажеті болмағанда ескеріледі.

Баланың құқықтары жөніндегі конвенцияға сәйкес әрбір баланың өзінің даралығын сақтауға қақысы бар. Оны даралайтын белгілер аты, тегі, әкесінің аты. Балаға есім беру ата-ананың келісімімен жасалады. Ата-аналардың бала мүддесіне қайшы келетін, оған айналасындағы адамдардың күлкісін келтіретін немесе қолайсыз жағдайларға қалдыратын есім пайдалануларына болмайды.

Егер баланың әкесі анықталмаған жағдайда, оған есім-ананың айтуымен қойылады, баланың әкесі болып жазылған адамның аты оның әкесінің аты болады, ал тегі ананың тегі болады.

Мысалы, қазақтарда өз балаларын әйгілеудің көптеген ырымдарға т.б. мәнді оқиғаларға байланысты әркімнің түрлері болды. Ер балаларға қарағанда қыз балаларға көз тию онша әсер етпейді деп есептелді, сол себепті оларға ең әдемі, нәзік, айтуға жеңіл аттар таңдалады.

Ер балаларға ат қою басқаша болады, себебі өмір ауыртпалықтары ерлердің мойнына жүктелетін. Сондықтан бірінші кезекте оларды туған ошағы мен

тегін қорғаушы, ал бейбітшілік кезеңде ел құрметтеген атакты адамдардай болса екен деп тіледі. Заң балалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығын да бекітіп береді. Баланың құқықтарын қорғауды ата аналары қорғанышы және қамқоршы органдар, сот, прокурор жүзеге асырулары тиіс. Заң балаларды әртүрлі қолсұғушылықтан, оның қадір-қасиетін қорлаудан, ата-анасы тарапынан болатын қиянаттардан қорғайды. Біздің мемлекетімізде, әдеттегідей, құқығын қорғау үшін қамқоршы органдарға, сотқа жүгіну керек.

Мемлекет балалардың мүдделрін қорғап және балаларды отбасында тәрбиелеу балаларға тәрбие берудің ең тәуір түрі екендігін тани отырып, тәрбиенің отбасының түрінің артықшылығын заң жолымен бекітті. Қазіргі кезде балалар деревнясының, тбасылық балалар үйлерінің құрылып, өріс алуы кездейсоқ жай емес.

Мемлекет балаларға қамқорлық көрсете отырып, бала туғанда жәрдемақы төлейді, көп балалы отбасыларына барынша көмектесіп отырады.

Ата-аналар өздерінің конституциялық міндеттерін еркімен орындамаған жағдайда, олардан алиментті мәжбүрлеп өндіріп алу да мемлекеттің балалар құқығын қорғауының бір көрінісі болып табылады.

*«Бала кызыгы туралы кеңес»*



*Дийиндаган: психолог Жапарова А.  
Караши 2023ж*

Бектеске:  
19.12.23ж  
[Signature]

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»

Тәрбие сағаты  
Тақырыбы: «Әке-асқар тау»

Дайындаған тәрбиеші: Б. Манасбаева

19.12.2023ж

## «Әке-асқар тау»

**Максаты:** Әкенің жанұядағы орнын ұғындыру және балалаларды әкелерін құрметтеуге баулу. Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындырып, әкеге деген баланың махаббатын ояту.

### **Тәрбиеші:**

Сізсіз әке-ең ақылды, ең шыншыл  
Сізсіз әке-ең жақыным, ең сыршыл,  
Шуақ шашқан қашанда ақ жүрегін,  
Қабыл алғын бала жүрек тілегін!

«Әке –асқар тау, ана-қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» деп қазағым айтқандай, бүгінгі балабақшада өткелі отырған, «Әке-асқар тау» атты «**Қарлығаш**» ересек тобының өнегелі тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Әкелерге арналған балаларыңыздың жүрек жарды такпағын қабыл алыңыздар!

### **1 бала Айару**

Бойға қуат береді,  
Әй жарайсың дегені,  
Мен әкемнен әр кезде  
Соны есігім келеді

### **2 бала Илияс**

Әкем шытса қабағын,  
«Байқа» балам дегені.  
Алған көп-ақ сабағым,  
Жақсы көрем мен оны.

### **3 бала Айдай**

Арқа сүйер панасың,  
Ақылы ол данасың,  
Адал етіп өсірген,  
Мендей ерке баласын.

### **4 бала Хадия**

Қамқорсың әке өмірде,  
Қуатым сенсің көңілге,  
Әлпештеп мені өсірдің,  
Ұшармын ертең көгінде.

### **5 бала Мариям**

Әкешім деп ән саламыз,  
Әкешім деп жыр жазамыз,

Сізге қарап бойды түзеп,  
Өзіңізбен мақтанамыз!

### **Слайд көрсету:**

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-береке, ынтымағы үшін, отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ер бала әрқашан бір әрекет жасау үшін, әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына, әкенің атқарар еңбегі ерекше. Әке-бала үшін асқар тау. Сондықтан әкені сыйлау, оған құрметпен қарау, баланың парызы болмақ. Ақылы мен пайымы терең аналар, балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында», «Әкең жіберсе, бара ғой» деп әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жастайынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болуы сөзсіз. Кезекті әнге береміз «Әкеге алғыс»

### **1. Сіз балаңызды жақсы білесіз бе? Сұрақ-жауап**

1. Балаңыздың туған айы, жылы күні?
2. Балаңыздың есімін кім қойды, мағынасы?
3. Балаңыз болашақта кім болғысы келеді?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Балаңызды еркелетуде қандай сөздер айтасыз?

### **2. «Жалғасын тап» (мақал-мәтелдің жалғасын табу)**

1. «Әке – асқар тау, (ана қайнар бұлақ, бала-жағасындағы құрақ)
2. Әке көрген оқ жонар (ана көрген тон пішер)
3. Балалы үй, (базар)
4. Баланың жақсысы қызық, (жаманы күйік)
5. Әкеге қарап ұл өсер (анаға қарап қыз өсер)
6. Баланың бас ұстазы (ата-ана)
7. Әкеден ақыл (анадан мейір)
8. Әкенің еккен ағашы (ұрпаққа сая)
9. Тай өссе – ат тынығады, бала өссе (әке тынығады)
10. Әке жүрегі (таудан үлкен)

Қыздарымыздың биін қабыл алыңыздар! **Би: «Қамажай»**

**Тәрбиеші:** Кезекті балалардың тақпағына беремін

### **1 бала Бейбарс**

Арманым едің аңсаған,  
Әкелсем бақыт мен саған,

Ұрпағың болып жалгадың,  
Қуаншы,әке,сен маған.

### **2бала Шахкерім Х**

Теніздей шалқып жүремін,  
Сүйенер сенсің тірегім,  
Барсамда қайда жан әке,  
Өзімен бірге жүремін.

### **3бала Ясина**

Көкке өрмелеп көңілің,  
Нұрға толсын өмірің.  
Бакытты бол,жан әке  
Ұзақ болсын өмірің!

### **4бала Медина**

Әкенің бір сөзіне  
Ешқандай тыйым жетпейді.  
Әке қатты сөз айтса,  
Есіңнен еш кетпейді  
Әкесін сыйлай білгендер,  
Көгереді,көктейді.

### **5бала Мерейім**

Әке деген-Асқар тау,  
Таудай биік талабы,  
Ұл-қызына қарайтын,  
Мейіріммен жанары.

### **1ойын: «Міне менің ботам»**

**Шарты:**Әкелердің көзін байлап,өз баласын алақанынан сипап тану.

### **2 : «Тентек шар»әдісі**

**Шарты:**Ешқандай қолдың көмегінсіз шарды ауада ұстап тұру .

**Бұл әдістің мақсаты:**Бала қандай жағдайдада тентек болған кезде ешқандай күш қолданбастан баланы тәрбиелеу.

### **Ой-түйін: «Сиқырлы жүрек»**

Бала тәрбиелеудегі жүрек жылуын,алдарыңыздағы жүрек қағазына жазу ұсынылады.

Балалар сіздердің жазған жүрек жарды тілектеріңізді отбасы бәйтерегіне апарып жапсырады.

**Қорытындылау:**Бала үшін әкенің орны бөлек. «Әке» деген сөзді айтқанда өзіне пана болар,,қиындыққа қалдырмас,арманыңа қол созсаң ақ батасын беріп,ақ жол тілейтін адамың екенін бала жүрегі сезердей.Ендеше бар баланың бакытына бір Алладан кейінгі панасы, «Әкелер»аман болсын

*Тәрбие сағаты*  
*Тақырыбы: «Әке – асқар тау»*



*Дайындаған: Манасбаева Б*  
*19.12.2023ж.*

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы.

Тексерілді:  
31.08.2024  
Сур

**Тақырыбы: «Ұлттық ойындар».**  
**«Көгершін» ересек тобы.**

Тәрбиешілер: Әбдіхалықова Г.  
Бисенбаева М.

2024 жыл.

Құрметті әкелер бүгін біздің балабақшамызға қош келдіңіздер!

**Тақырыбы:** Әкелермен қазақтың ұлттық ойындары.

**Тәрбиеші:** Құрметті ата – аналар бүгінгі « Көгершін» ересек тобында ұйымдастырылған ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған «Әкелермен қазақтың ұлттық ойындары» атты ойынымызға қош келдіңіздер.

Қазақтың ұлттық ойыны халқымыздың мәдени асыл мұрасы. Ойын дегеніміз адамның ақыл ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, алысқа меңзейтін қиял мен қанат бітіретін гажайып нәрсе. Қызықты қозғалыстар жиынтығы. Алдағы уақыттарда спорт зал мен алаңдарда, дәліздерде, үй жағдайында да демалыс және мейрам күндерінде ойнауға болатын дәстүрлі ұлттық ойынның түрлері өте көп. Тарихымыз бен біте қайнасқан ұлттық ойындарымыздың бала тәрбиесінде баланың ағзасын шынықтырудағы маңызы өте зор.

- 1) «**Ләңгі**» ойыны. Орта Азия ертеден келе жатқан ойынның түрі бар. Домалақ қорғасынды теріге тігіп ойнатылатын ойын. Ләңгі ойыны бұл балалардың, үлкендердің ойнайтын ойыны болып саналады.

**Шарты:** Ойын ережесі бойынша аяқтың ішкі жағымен жерге түсірмей тепсе 1 ұпай, ал егер аяқтың сыртқы жағымен тепсе 5 ұпай, секіріп аяқты айқастырып тепсе 25 ұпай деп есептеледі. Қазақтың ұлттық ойындары күш жігерді арттырып тұлғаның қатарынан озсам деген тілегін шыңдайды. Алайда осы ойындардың тәртібімен ережесі бар.

Асық ойынының алшы, омпы, шеңбер, тас қала, хан талапай, құмар деген түрлері бар.

- 2) «**Асық ату**» ойыны. Шеңбер сызып ортасына асық тігіп ойнау, елімізде кең таралған. Әр ойыншы ортаға өз асығын тігеді. Кім бірінші бастайтынын асықты шиіру арқылы анықтайды.

**Шарты:** шеңбер сыртына сызық сызылады. Ойыншылар осы сызық бойына тұрып, ортадағы асықтарды көздеп атады. Сақасы дәл тиіп, асықты шеңбер сыртына шығарса сол адам асықты ұтады, ал егер асық шеңбер ішінде қалып қойса, кезек келесі ойыншыда болады. Осылай шеңбердегі асық біткенше ойын жалғасады.

- 3) «**Қол күрес**» ойыны. Ұлттық ойынды ойнату арқылы балаларды ептілікке тәрбиелеу.

Арнайы үстелде өткізілетін, өзіндік ережесі бар қол жекпе-жегі.

**Шарты:** Сайысқа қатысушылар ережеге сай, арнайы үстелдің екі жағында тұрып күш сынасады. Алайда қол күресі кезінде шынтақты көтеруге, қозғауға болмайды. Ашық алақандар біріктіріліп бас бармақтары бір-біріне айқастырылады.

- 4) «**Арқан тартыс**» ойыны.

**Шарты:** Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан арқан керек, ол арқанның тең ортасына орамалмен байлап белгі жасалады. Ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінуі қажет. Алдын-ала сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгіні екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да арқанның шеткі белгісін басып ұшына дейін ойыншылар қос қолдап тартып тұрады. Содан соң төрешінің баста деген белгісі бойынша екі топ тартысқа түседі. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты сүйретіп әкетсе сол топ жеңімпаз болады.

**Тәрбиеші:** Құрметті әкелер алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рақмет. Сау болыңыздар!

«Ертоғетік» бобекжай-бақшаеы»

«Көгершін» ересек тобы

Әкелердің қатысуымен ұлттық ойындар



Тәрбиешілері: Т. Әбдіхалықова, М.Бисенбаева  
09.02.2024ж

# «Гүлдер» ересек

## ТОБЫ



**«Ертістік» бобекжасай - бақшасы**  
**«Гүлдер» ересек тобы**  
**«Шебер әке, оперлі ана, еңбекқор бала»**







7.04.2024

"Ертөстік" бөбекжайы —  
бақшасы"

"Көгершін" ересек тобы

"Әкеммен өткен  
қызықты сәттер"

Батырбек Амелия  
Нүркенқызы